

Кенес Одағының Батыры Вера Захаровна Хоружая бүсті

Ескерткіш «Балқаштұстіметалл» ӨБ территориясына 1968 жылы орнатылды. Негізі төрбүрышты, бетоннан құйылған, қола тақтайшада: «Кенес Одағының батыры Вера Захаровна Хоружаяға кейінгі ұрпактардан алғыс сезімімен» сөздері орыс тілінде жазылған. В.З. Хоружая Балқаш мыс заводы мен қала құрылышына қатысып, ҰОс жылдарында Витебск қаласындағы антифашистік жасырын партизан ұйымының жетекшісі болған. 1942 жылы фашистер қолынан қаза тапты. Ескерткіш авторы – суретші Вера Маркина.

